

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Қазақстанның теңіз қақпасы



Тәуелсіздік алған жылдардан бері қарай ұдайы қалыптасу, даму кезеңдерін бастан өткеріп келе жатқан Ақтау халықаралық теңіз сауда порты – Каспий теңізі жағалауында орналасқан 14 порттың арасындағы ірісі және іргелісі. Яғни көк теңіздегі көшбасшы порт. Теңіздегі жалпы жүк айналымының 30 пайызы ақтаулық порттың үлесінде.

Қытай, Ресей, Шығыс және Батыс Еуропа секілді сауда рыногының ірі қатысушыларының ортасында орналасқан Қазақстанның Ақтау порты Каспий, Қара теңіз, Жерорта теңізі, Балтық бассейндері, Парсы шығанағы, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері порттарына шығуды қамтамасыз ететін ТРАСЕКА және Солтүстік-Оңтүстік халықаралық теңіз дәліздерінің құрамдас бөлігі ретінде маңызға ие. Бұл мүмкіндікті толыққанды пайдалану мақсатында елімізде ауқымды жұмыстар қолға алынуда. Солардың бірі – теңіз портын «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ құрамына енгізу. Интер модальдық тасымалдауларды дамыту стратегиясының сүбелі бөлігі болып табылатын бұл бастама еліміздің көлік логистикасын біркелкі басқаруға, көлік қатынасының икемділігін жоғарылатып, дүниежүзілік көлік желісіне қосылуға, сондай-ақ қазақстандық көлік әлеуетінің табыстылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттырып, жұмыс үйлесімділігі мен жүк ағысын үйлестіруге мүмкіндік береді.

Құрылымдық жағынан осындай үлкен өзгерісті күтіп тұрған Ақтау теңіз портында қазір өндіріс қуатын арттырумен қатар жұмыс тиімділігін көтеру бағытындағы жұмыстар қарқынды жүріп жатыр. Кедергісіз қызмет көрсету үшін жаңа технологиямен жұмыс істеуге көшу, бірінші кезекте порт қызметтерін кезеңмен автоматтандырудан басталды. «Бір терезе» қағидасымен қызмет көрсететін орталық ашылып, мұнда теңіз порты, кеден, шекара секілді органдар топтасқан. Бұл тұтынушының құжат ресімдеу уақытын 5 сағаттан 30 минутқа дейін қысқарта алады. Болашақта кемеге жүк тиеу, оны тексеру, порт қызметтерін көрсетіп отыратын дербес веб-портал құру, теңіздегі барлық порттарды біріктіретін нақты уақыт режимінде кеме лердің қозғалыс географиясы, олардың тұрақ уақыты, порт тер миналдарының мәртебесі мен жүктелімі, жүк иелерінің сұраулары, жөнелтілім жағдайы, тарифтер, т.б. мәліметтерді көрсету жоспарланған.

2015 жылы аяқталып, порттың серпінді жұмыс жасауына жол ашады деп күтіліп отырған «Ақтау портын солтүстік бағытқа қарай кеңейту» жұмыстары барысында су түбі тереңдетіліп, 3 құрғақ жүк терминалы құрылысы жүріп жатыр. Жаңғырту жұмыстарының бастапқы жақсы нәтижесіндей, өткен жылы порт 11 млн. тонна жүк жөнелткен. Оның басым бөлігін бидай мен мұнай құрайды. Нарық бәсі мен барысы – тұрақты емес. Бұл тұрғыда алдағы ахуалды бағамдай білетін жетіктік пен есепкерлік болмаса, тақырға отырып қалу да ғажап емес. Кейінгі кездері тасымалданатын шикі мұнай мен металл көлемі азайып, бидай мен пароммен жөнелтілетін жүктер ауқымы ұлғайған. Бұл жағдайды алдын ала болжай білген порт басшылығы шұғыл шаралар қабылдап, 400 мың тонна шамасында өзге жүк түрлерін тартып үлгерді. Қытай кәсіпорындарымен азот өнімдерін, импорттық құрылыс материалдары мен бидайды транзиттік тасымалдау көлемін өсіру бойынша келісімдерге қол қойылған. Бұл – болашақта тиерге жүк таппаған кемелер жағалауға бос тізгінделіп қалмайды деген сөз. Ақтау порты басшылығы 2015 жылға қарай жүк тасымалының жалпы көлеміндегі өзіндік үлесті 15 млн. тоннаға дейін жеткізуді жоспарлап отыр.

Порттар арасындағы көшбасшылық беделін сақтап қалу осындай іргелі істерді талап ететіні анық.

Гүлайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ